Осыдан 13 жыл бұрын заң әдебиеттерінде ақшалай өндіріп алуды түпнегізінен қылмыстық-процестік тәртібімен жүзеге асыруға көшу ұсыныстары айтыла бастаған болатын. Олардың бірі – отандық ғалым, заң ғылымдарының докторы Т.А. Ханов еді. Оның пікірінше: «...барлық іс жүргізулік мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібі қылмыстық-процестік заңнамасымен реттелуі тиіс, сонымен қатар, қылмыстық іс жүргізудегі ақшалай өндіріп алу да. Ақшалай өндіріп алуды қолданудың нақты анықталған іс жүргізулік тәртібінің болуы, іс жүргізулік қатынастардың кеңістігіне кіретін тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етілуіне септігін тигізеді. Яғни, бұл шара әкімшілік іс жүргізі



тәртібімен емес, тек қылмыстық-процестік тәртібімен жүзеге асырылуы тиіс.

Қылмыстық-процестік заңы мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарының ережелерін өзара айырып алу жалпы заңнамалық-құқықтық тәртіптілікке әкеледі. Ақшалай өндіріп алуды қылмыстық-процестік тұрғысындағы тәртіппен қолдануға көшу, іс жүргізулік нормаларының дұрыс сақталуын, - процестік мен әкімшілік заңдарымен бекітілген ережелерінің бір-бірімен араласып кетпеуін қамтамасыз етеді. Құқықтық ретсіздіктің болуынан сақтайды. Мемлекеттік органдардың қылмыспен күресуге бағытталған қызметін жүзеге асыру тәртібі өзгеше, сондықтан, сотқа дейінгі қылмыстық іс жүргізудің өзіндік ерекше мақсаттары мен міндеттері бар» [3].

Ханов Т.А. пен Ю.В. Францифировтың пікірлерін уәж ретінде қабылдап ақшалай өндіріп алу шарасын шетел заңнамалары тұрғысында зерделеуді жүргізейік.

Мәселен, Өзбекстан Республикасының ҚПК-нің 272-бабына сәйкес сот отырысында тәртіпті бұзған немесе төрағалық етушінің өкіміне бағынбай оған құрметтемеушілік білдірген құқық бұзушыға әкімшілік жауаптылыққа тартылатындығы туралы ескертіледі.

Өзбекстанның қылмыстық іс жүргізулік заңнамасы бойынша қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында өздерінің процесуалдық міндеттерін орындаудан бас тартқан тұлғаға ақшалай өндіріп алумен қатар айыппұл да қолданылуы мүмкін. Себебі, ҚПК-нің 274-бабында: «ақшалай өндіріп алу мен айыппұлды қылмыстық істі қарауға құзыретті сот заңда көрсетілген тәртіппен тағайындайды. Егер тәртіп бұзушылық сот отырысы залында орын алса, онда айыппұлды істі қарастырып отырған судья сол отырыста тағайындайды. Басқа жағдайларда ақшалай өндіріп алу мәселесі құқық бұзған тұлғаны шақырта отырып сот тағайындайды. Құқық бұзушының сотқа шақырту бойынша келмеуі мәселенің шешілуіне кедергі болмайды» [4]. Бұл сұрақты қарастыру барысында анықталғаны: ақшалай өндіріп алу – қылмыстық іс жүргізуге қатысушыларға қатысты, ал

айыппұл – іс жүргізудің қатысушысы болып табылмайтын адамдарға қатысты қолданылады.

Беларус Республикасының ҚПК-нің 133-бабының 1-бөліміне сәйкес қанағаттанарлық себептерсіз өздерінің процесуалдық міндеттерін орындамаған немесе қылмыстық іс жүргізуші органның талаптарына бағынбаған жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, азаматтық жауапкерге, олардың өкілдеріне, куәға, маманға, сарапшыға, педагогқа, аудармашыға, куәгерге және басқа да тұлғаларға 3 тен 10 ға дейінгі төменгі жалақы мөлшерінде ақшалай өндіріп алу тағайындалады [5].

Ресей Федерациясының ҚПК-нің 117 бабында «Қылмыстық іс жүргізудің қатысушылары өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді орындамауы немесе сот отырысы залында тәртіпті бұзғаны үшін олар ақшалай өндіріп алуға тартылуы мүмкін...» [6] Ю.А. Кузовенкованың пікірінше РФ ҚПК-де ақшалай өндіріп алу іс жүргізуге қатысушылардың өздеріне жүктелген процесуалдық міндеттерін орындауды ынталандыру мақсатында қолданылады [7].

Литва Республикасының қылмыстық іс жүргізулік заңында іс жүргізуге қатысушылар өздерінің процесуалдық міндеттерін орындамаған жағдайда оларға айыппұл салынатындығы қарастырылған. Мәселен, аталған заңның 163-бабында қылмыстық іс жүргізудің қатысушысы ретінде танылатын куә іс жүргізуші органның шақыртуы бойынша қанағаттанарлық себептерсіз келмеген жағдайда оған өмір сүру құнының отызға еселенген сомасы көлемінде айыппұл салынады немесе заңда көрсетілген жағдайларда бір айға дейін қамаққа алынады [8].

Литваның заңнамасы бойынша қылмыстық іс жүргізулік міндеттерін орындамаған тұлғаларға айыппұлды прокурор, сотқай дейінгі тергеу судьясы және сот, ал қамаққа алуды сотқай дейінгі тергеу судьясы немесе сот қолдануға құзыретті. Сонымен қатар, аталмыш заң бойынша іс жүргізуші органның шақыртуы бойынша қанағаттанарлық себептерсіз

келмеген күдікті немесе айыпталушыға да қатысты айыппұл қолданылуы мүмкін. Прокурор белгілі бір тұлғаға қатысты айыппұл салу туралы қаулыны өз бастамашылығымен немесе сотқа дейінгі іс жүргізу органының өтініші бойынша шығарады. Прокурордың қаулысына Литва Республикасының ҚПК-нің 63 бабында анықталған талаптарға сәйкес шағым беріле алады. Ал сотқай дейінгі тергеу судьясы немесе сот қамаққа алу және айыппұл салу туралы қаулыны өз бастамашылығымен немесе прокурордың өтінішімен шығарады. Байқап отырғандай жоғарыда баяндалған шара біздің заңнамамыздағы «ақшалай өндіріп алу» болып табылады. Литва Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасында аталмыш шара «айыппұл» деп көрсетілген.

Молдова мен Әзірбайжан Республикаларының Қылмыстық процесуалдық кодекстерінде қылмыстық процестің қатысушыларының өздеріне заңмен жүктелген міндеттерін бұзғаны үшін тағайындалатын айыппұлға қатысты ережелері өзара ұқсас келеді. Мысалы, Молдова Республикасының ҚПК 184-б. 4 бөл. сәйкес қылмыстық іс бойынша жасы кәмелетке толмағанды өз қарауына алған тұлғаға, егер ол өзіне заңмен жүктелген міндеттерін бұзған жағдайда қылмыстық қудалау судьясымен немесе тиісті жағдайларға байланысты соттық инстанциямен 10-нан 25 дейін шарттық бегі көлемінде соттық айыппұл салынуы мүмкін [9].

Ал, Әзірбайжан Республикасының ҚПК 166.2 бабы жеке кепілгерлік берген тұлғаға өзіне заңмен жүктелген міндеттерін бұзған жағдайда және 310.6.1-бабы сот отырысы залында тәртіпті бұзған тұлғаға айыппұл салуды қарастырады [10].

Түркменстан Республикасының ҚПК-нің 205-бабы тәртіп бұзған қылмыстық процестің тараптарына қатысты әкімшілік жауаптылық түріндегі айыппұлды қолдану тәртібін реттейді, ал кейбір жағдайларды (осы кодекстің 164б. 2 бөл.) ол ақшалай өндіріп алу деп аталады.

Іс жүргізулік айыппұл – қылмыстық іс жүргізулік құқық бұзушылықты жасағаны

үшін әкімшілік жауаптылық ретінде көрініс табатын санкциялық сипатқа ие жазалаушы шара. Айыппұлдың көлемі әкімшілік заңнамасымен анықталады, ал оны тағайындаудың негіздері Түркменстанның ҚПК-ң (168, 370б.) басқа баптарымен реттеледі [11].

Германияда іс жүргізу барысында сот отырысының тәртібін сақтамағаны үшін жауаптылық ретінде әкімшілік айыппұл қарастырылған. «Ordnungsgeld» – неміс тілінен қазақ тіліне аударғанда «әкімшілік айыппұл» деген мағынаны береді. Қылмыстық заңның (E int uhrungsgesetz zum Strafgesetzbuch - EGStGB) от 27. 01. 1877 г. (RGBI. 1 S. 77; BGBI. III 300-1) 6-бабына сәйкес сот отырысының тәртібін бұзған тұлғаға 5-тен 1000 евроға дейінгі көлемде айыппұл салынады. Ал егер судья орын алған тәртіп бұзқшылықты елеусіз деп таныса, онда кінәлі тұлғаға аталған заңның §153,47 сәйкес әкімшілік айыппұл салынбайды [12].

Сонымен қатар, Германияның Қылмыстық процестік кодексінің ережелерін талдау барысында өздерінің іс жүргізулік міндеттерін орындамағаны үшін жауаптылық тек куә мен сарапшыға жүктелетіндігі анықталды. Германияның ҚПК-ң § 51 сәйкес сот отырысына тиісті талаптарға сәйкес шақыртылған куә қанағаттанарлық себептерсіз сот отырысына қатыспаған жағдайда, оған қатысты: куәні сот отырысына мәжбүрлеп әкелу; себепсіз келмеуіне байланысты орын алған шығындарды өтеттіру және ақшалай өндіріп алу да (шығындарды өтеттірумен қатар жүреді) жүктеледі. Егер ақшалай өндіріп алу мүмкін болмаған жағдайда қамаққа алу жүзеге асырылады. Сонымен қатар іс жүргізуге қатысушы куә процесуалдық құқық бұзушылықты қайталаған жағдайда мәжбүрлеу шаралары қайта қолданылады.

Егер шақыртылған куә өзінің отырысқа келмегендігі туралы қанағаттанарлық себептерін және отырысқа кешігіп келу себебі оған тәуелді емес жағдайлардан болғандығы жөнінде негізделген түсіндірмелерін дер кезінде хабарлаған жағдайда, онда оған қатысты мәжбүрлеу мен шығындарды өтеттіру шаралары

қолданылмайды. Аталған шараларды қолдануға алдын ала тергеу шеңберінде судья немесе сот отырысын жүргізіп отырған соттың судьясы құзыретті.

Германияның ҚПК 77 бабына сәйкес ақшалай өндіріп алу сарапшыға да қолданылуы мүмкін. Сарапшы өзінің процесуалдық міндеттеріне сәйкес шақырту бойынша іс жүргізуші тұлғаға келмесе, сараптамалық қорытынды беруден бас тартса, онда оған қатысты осы жағдай бойынша жиналған қаржылық шығындардың орнын толтыру жүктеледі және ақшалай өндіріп алу қолданылады. Іс жүргізуші тұлғаның талаптарына қайталап бағынбаса, онда ақшалай өндіріп алу мен шығындарды өтеттіру шаралары қайта қолданылады.

Аталған заңның §73 сәйкес сарапшымен сараптамалық қорытындыны берудің өзара келісілген мерзімі анықталады, егер сарапшы аталған мерзімді өткізіп алса, онда осы жағдай бойынша да сарапшыға қатысты ашалай өндіріп алу қолданылады. Ақшалай өндіріп алу шарасы тағайындалмас бұрын сарапшыға ескерту жолданады және сараптамалық қорытындыны беруге қосымша мерзім беріледі. Берілген мерзімді сарапшы қайталап өткізіп алса, ақшалай өндіріп алу оған қатысты қайта қолданылды.

Германияның ҚПК-ң «Заңдық тұлғалар мен ұйымдарға қатысты ақша өндіріп алу барысында іс жүргізу» деп аталатын IV Тарауына [12] назар аударған абзал, себебі бұл норма шетел заңнамасында іс жүргізуді қамтамасыз етуге байланысты бірқатар мәселелерді шешеді. Белгілі бір ұйым (мемлекеттік немесе жеке меншік болсын) іс жүргізудің қатысушысының жұмыс берушісі болуы мүмкін. Сол себептен іс жүргізудің қатысушысы (куә, куәгер, жәбірленуші) еңбек шарттарына сәйкес жұмыс берушіге тәуелді болады. Егер ұйымның басшысы өзіне тәуелді тұлғаның іс жүргізуге қатысуына қарсы болып өзінің мүддесін жоғары қоятын болса, онда мұндай жағдайлар барысында тиімді, толық және объективті іс жүргізудің орындалуы екі талай болуы мүмкін. Жоғарыда көрсетілген норма ұйымдар мен заңдық тұлғаларға белгілі бір іс жүргізулік жауапкершілік арта

отырып іс жүргізуге қатысушылардың еңбекке байланысты мүдделерін қорғап отыр.

Германияның «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Заңының §30 сәйкес ұйымдар мен мекемелерге қатысты ақшалай өндіріп алуды тағайындауға жол беріледі. Ал оны тағайындаудың процесуалдық тәртібі аталмыш елдің ҚПК-ң §444 сәйкес анықталады. Оған қоса төмендегідей әрекеттерге де жол беріледі, мысалы, Германияның «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Заңының §30 сәйкес ұйымдар мен мекемелерге қатысты ақшалай өндіріп алуды негіздер бар жағдайда жеке бөлек тағайындай беруге болады. Ал егер орын алған процесуалдық құқықбұзушылық фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалмаса немесе қысқартылса онда Германияның Қылмыстық процесуалдық кодексінің §444 (3 абз.) сәйкес ұйымдар мен мекемелерге қатысты ақшалай өндіріп алуды тағайындауға болады. Бұл жағдайда тағайындалған ақшалай өндіріп алу шарасы қылмыстық емес әкімшілік жауаптылық ретінде көрініс табады.

Сонымен, Германияның ҚПК-де көрсетілген куә мен маманның өздеріне жүктелген процесуалдық міндеттерін орындамағаны үшін төмендегідей процесуалдық жауаптылық қарастырылады: ақшалай өндіріп алу; шығындардың орнын толтыру; сот отырысында тәртіпті бұзғаны үшін қамаққа алу және мәжбүрлеп алып келу. Ал заңдық тұлғалар мен ұйымдарға салынатын ақшалай өндіріп алу шарасы әкімшілік айыппұл ретінде көрініс табады және оны сот өзінің процесуалдық немесе әкімшілік іс жүргізу қызметтерінде қолданады.

Германияның заңнамасына сәйкес ақшалай өндіріп алу шарасы бірнеше мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Біріншіден, өзінің міндеттерін орындамаған тұлғаны мүлкінен айыру мақсатында оған әсер етуді көздейді. Екіншіден, бұл санкция баламалы мақсаттарды көздейді, яғни, іс жүргізуге қатысатын қандай да бір тұлғаның өзіне жүктелетін міндеттерге мұқият қарауын, оларды құрметтеуін болжайды. Сонымен қатар, бұл шарадан іс жүргізуге

қатысуы мүмкін тұлғаларға кейінгі құқық бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында баламалы түрде әсер етуі болжанады [12].

Австрияның ҚПК бойынша ақшалай өндіріп алуды тағайындауға қатысты жоғарыда аталған елдердің заңнамаларына ұқсас ережелері бар. Австриялық сот іс жүргізу барысында іске қатысушылар тарапынан сот отырысының тәртібін бұзу фактілері орын алған жағдайда кінәліге қатысты ақшалай өндіріп алу шарасын қолдануға міндетті. Австрияның ҚПК §235,236 сәйкес мұндай әсер ету шаралары мәселен сотталушыға, куәгерге, жеке айыптаушыға, жәбірленушіге, куәға, сарапшыға, маманға және басқа да билік өкілі ретінде танылмайтын тұлғаларға қолданылуы мүмкін. Ал сотпен шығарылған шешім көп ұзатпай орындалуы тиіс және шағым берілуге жатпайды [13].

Егер куә немесе сарапшы сот отырысына шақырту бойынша келмесе, онда олар сот шешімі бойынша мәжбүрлеп әкелінуі мүмкін. Ал мәжбүрлеп алып келу мүмкін болмаса, онда сот тараптардың уәждерін тыңдап болған соң соттың үдерісін әрмен қарай жалғастыру немесе кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды, сонымен қатар Австрияның ҚПК §242 сәйкес сотқа келмеген тұлғаларды сот отырысына қатыстыруға байланысты шаралар қолданады. Судья сот отырысын жалғастыру туралы шешім қабалдаған жағдайларда дәлелдемелерді зерттеу барысында сот отырысына келмеген қатысушылардың алдын ала тергеу сатысында берген жауаптарын тыңдауға құқылы. Бірақ сот отырысына шақырту бойынша келмеген тұлғалардың қанағаттанарлық себепсіз келмегендігі анықталса, онда сот кінәлге қатысты ақшалай өндіріп алу шарасын қолданады [13].

Чехияда ақшалай өндіріп алу шарасы 1961 ж. қабылданған ҚПК-мен реттеледі. Аталмыш заңның § 66 сәйкес төмендегіше көрсетілген: «...кімде кім алдын ала ескертуден соң іс жүргізу барысында тәртіп бұзса немесе сотқа, мемлекет өкіліне, тергеушіге, полиция органына құрметтемеушілік көрсетсе және алдын ала тергеу барысында тергеушімен, мемлекет

өкілімен, полиция органымен заңға сәйкес берілген өкімдер мен бұйрықтарды қанағаттанарлық түрде орындамаса 50000 кронға дейінгі сомада ақшалай жазаға тартылады» [14].

Бельгияның ҚПК сәйкес куә іс бойынша айғақтар беруге міндетті (153б.) және қажетті болған жағдайларда ол іс бойынша жауап беруге шақыртылады. Куә іс бойынша қатысуға, жауап беруге қанағаттанарлық себептерсіз бас тартса, онда ол мәжбүрлі түрде іс жүргізуші органға жеткізіледі. Куә айғақтар беруден негізсіз бас тартқан жағдайда оған қатысты айыппұл қолданылуы мүмкін (190б.). Сонымен қатар куә сот отырысына анықталған тәртіпке сәйкес шақыртылу барысында келмесе, онда бұл әрекет құқық бұзушылық деп танылып белгілі бір мөлшерде айыппұл шарасын қолдануға әкелуі мүмкін [15].

Францияның ҚПК ақшалай өндіріп алу шарасын процессуалдық тәртіп бұзушылыққа жол берген іс жүргізуге қатысушылардың барлығына қатысты реттейді. Бұл норма ақшалай өндіріп алуды іс жүргізу барысында іс жүргізушілік құқық бұзушылыққа жол берген әртүрлі лауазымды тұлғаларға да қатысты қолдануды қарастырады.

Францияның соттық полиция офицері – соттық билік тарапындағы лауазымды тұлға. Оның қызметтік міндеттері қазақстандық қылмыстық процестегі тергеушінің қызметтік міндеттеріне ұқсас келеді. Аталмыш лауазымды тұлғаның құқықтары:

– қылмыстық іс жүргізу барысында заңдылықты сақтай отырып істің қысқа мерзім ішінде, әділетті шешілуін қамтамасыз ету үшін іс жүргізуге қатысушыларды шақыртуға;

– қылмыстық іс бойынша күдіктінің кінәсін дәлелдеу мақсатында меншік иесіне қарамастан кез келген заттарды, құжаттарды, компьютерлік файлдарды, іс қағаздарды беруді талап етуге құқылы. Бұл талап жеке тұлғалар мен қатар кез келген ұйымдарға, мекемелер мен кәсіпорындарға (олардың басшыларына) қойылуы мүмкін. Егер іс жүргізуші органның талабын қанағаттандырудан бас тартқан жағдайда сол немесе басқа да ұйымдардың басшылары



Францияның ҚПК 60-1 бабына сәйкес 3 750 евро көлемінде айыппұл салынады. Осындай көлемдегі айыппұл прокурормен немесе тергеулік судьямен іс бойынша саусақ іздерін беруден және суретке түсуден бас тартқан тұлғаға да қатысты қолданылуы мүмкін.

Францияның қылмыстық заңнамасы бойынша (ҚПК 438, 706-47-26.) куәға қатысты ақшалай өндіріп алуды қолданудың бірқатар негіздері көрсетілген:

1) іс бойынша сот отырысына шақырту барысында қанағаттанарлық себептерсіз келмесе;

2) сот отырысында іс бойынша тек шындықты айтуға ант беруге қарсылық бідірсе;

3) іс бойынша дәлелдемелерді жинау барысында биологиялық үлгілерін (қан, сілекей, ұрық және т.б.) талдау үшін тапсырудан бас тартса;

4) іс бойынша қажетті медициналық тексерістен өтуден бас тартса. Көрсетілген жағдайлар орын алса, онда тиісті заңға сәйкес 3 750 евро көлемінде айыппұл қолданылуы мүмкін.

Сонымен қатар, ақшалай өндіріп алу шарасы сот отырысына шақырту бойынша себепсіз келмеген немесе өзінің процесуалдық міндеттерін орындаудан бас тартқан немесе тиісті түрде орындамаған сот алқа биіне қолданылуы мүмкін [16].

Францияда ақшалай өндіріп алуға тарту рәсімі іс жүргізудің жеңілдетілген тәртібімен орындалады. Яғни, бұл тәртіппен сотқа дейінгі тергеу жүргізілмейді, құқық бұзушылыққа жол берген кінәлі тұлға (полицейлік агенттің өкіміне бағынбаған азамат) айыппұлды құқық бұзушылық фактісін анықтаған полицейлік агентке төлейді. Ол жөнінде хаттама түзіледі. Төленген айыппұл тұлғаның өз кінәсін мойындағандығын білдіреді [16].

Қытайдың қазіргі заманғы қылмыстық-процестік құқығының негіздері сонау 1950 ж. қабылданған. ҚХР Қылмыстық-процестік кодексі дәл КО Қылмыстық-процестік кодексінің үлгісі бойынша құрастырылған. Сондықтан, Қытай кодексін талдау барысында ақшалай өндіріп алудың тағайындалуына байланысты анық жаңалық

байқалмайды [17]. Францияда ақшалай өндіріп алуға тарту рәсімі іс жүргізудің жеңілдетілген тәртібімен орындалады. Яғни, бұл тәртіппен сотқа дейінгі тергеу жүргізілмейді, құқық бұзушылыққа жол берген кінәлі тұлға (полицейлік агенттің өкіміне бағынбаған азамат) айыппұлды құқық бұзушылық фактісін анықтаған полицейлік агентке төлейді. Ол жөнінде хаттама түзіледі. Төленген айыппұл тұлғаның өз кінәсін мойындағандығын білдіреді [16].

Сонымен, қорытындылай келе қылмыстық іс жүргізу барысында өздерінің процесуалдық міндеттерін орындамаған және сот отырысында тәртіп бұзған қатысушыларға қатысты ақшалай өндіріп алуды қолдануды *шетел заңнамалары негізінде зерделеу* оның әлемдегі келесідей сипаттарын анықтауға мүмкіндік берді:

– ақша өндіріп алу шарасы алдын ала тергеу сатысында және сот отырысы кезінде тәртіпті бұзғаны үшін, сонымен қатар қылмыстық іс жүргізу заңында көрсетілген міндеттерін орындамағаны үшін қолданылатын қылмыстық процесуалдық жауапкершілік сипатына ие;

– ақша өндіріп алу шарасы–қылмыстық процеске қатысушылардың жіберген процесуалдық құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік тәртіппен қолданылатын айыппұл;

– процеске қатысушыларға тиісті тәртіпті бұзғаны үшін және өздерінің іс жүргізулік міндеттерін орындамағаны үшін мәні бойынша әртүрлі мүлктік санкция ретінде танылатын айыппұл және онымен қатар ақшалай өндіріп алу да қолданылуы мүмкін;

– ақша өндіріп алу шарасы–қылмыстық процеске қатысушылардың жіберген процесуалдық құқық бұзушылықтары үшін қылмыстық процесуалдық тәртіппен қолданылатын айыппұл;

– қылмыстық процеске қатысушылар алдын ала тергеуге немесе сот отырысына қатысуға тиісті тәртіппен шақырту барысында қанағаттанарлық себептерсіз келуден бас тартқан жағдайда оларға қатысты айыппұл немесе ақшалай өндіріп алумен қатар оның келмеуі себебінен орын



алған шығындардың орнын толтыруға міндеттелуі мүмкін.

Дегенмен, бұл көрсетілген сипаттардың барлығы біздің заңнамамыздың қисынына толықтай сәйкес келмейді. Алайда ақшалай өндіріп алудың қылмыстық процестегі ерекше бір феномен ретінде көрсететіндігі сөзсіз.

Осы көрсетілгендерге сәйкес келесідей қорытындыға келеміз:

– ақшалай өндіріп алуға жазалау сипаты тән, оны қолдану барысында тұлға материалдық шығынға және экономикалық мәжбүрлеуге ұшырайды;

– мүлік иесінің мүлкін, оның қаражатын қорғау туралы конституциялық ережелерді ескере отырып, кінәлі тұлғаның иелігіндегі белгілі бір үлкен көлемде

анықталған мүліктер мен қаражаттан заңды түрде айыру тек сот тәртібімен жүзеге асырылады, ал елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде ақшалай өндіріп алуға тарту мүмкіндігін анықтаушыға, тергеуші мен прокурорға беру - заңнаманы оңтайландыруға септігін тигізеді;

– ақшалай өндіріп алу – қылмыстық процеске қатысушылардың дұрыс мінез-құлық тәртібін қамтамасыз ету құралы және сот талқылауы барысында тәртіптің сақталуына көмектесуші шара бола тұра, ол өзіндік мәні бойынша қылмыстық процестік заңнама нормаларының бұзылғандығы үшін іс жүргізулік жауапкершілік болып табылады.

### Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Azieri M. Introduction to Cuban Socialist Law // Review of Socialist Law. – 2020. – Vol. 6. – P. 153-163.
2. Францифиров Ю.В. Противоречия уголовного процесса. – М., 2006. – 176 с.
3. Закон Республики Узбекистан. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Узбекистан: принят 22 сентября 1994 года, №2013-ХІІ (с изм. и доп. по состоянию на 23.06.2022 г.) // <https://online.zakon.kz>. 18.02.2022.
4. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Беларусь: принят 16 июля 1999 года, №295-3 // <http://etalonline.by/?type=text&>. 18.02.2022.
5. Уголовно-процессуальный кодекс Российской Федерации: принят 18 декабря 2001 года, №174-ФЗ (ред. от 02.08.2019) // [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_34481](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_34481). 18.02.2022.
6. Кузовенкова Ю.А. Денежное взыскание в системе мер уголовно-процессуальной ответственности: дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.09. – Самара, 2009. – 209 с.
7. Литовский Уголовно-процессуальный кодекс: принят 14 марта 2002 года, №ІХ-785 (с изм., внесенными Законом №ХІ-1264 от 23.12.2010 г.) // <https://wipolex.wipo.int/ru/text/202109>. 18.02.2022.
8. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Молдова: принят 14 марта 2003 года, №122-ХV (с изм. и доп. по состоянию на 30.03.2017 г.) // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30397729](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30397729). 03.07.2021.
9. Закон Азербайджанской Республики. Уголовно-процессуальный кодекс: принят 14 июля 2000 года, №907-ІІ // <http://ugolovnykodeks.ru/tag/ugolovno-processualnyj-kodeks-azerbajdzhanskoj-respubliki/>. 19.08.2021.1
10. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Туркменистана. Постатейный / под ред. А.В. Смирнова. – Ашхабад, 2012. – 656 с.
11. Головненков П., Спица Н.С. Уголовно-процессуальный кодекс Федеративной Республики Германия - Strafprozessordnung (StPO): научно-практический комментарий и перевод текста закона. – Потсдам, 2012. – 408 с.
12. Хайне Г. Ответственность в немецком административном праве. Проблемы реформации // Уголовное право. – 2001. – №1. – С. 99-101.
13. Австралийский Уголовно-процессуальный кодекс: принят 9 декабря 1975 году (с последними изменениями, внесенными Федеральным законом (BGBl I №33/2011) // <https://www.wipo.int/wipolex/ru/details>. 25.09.2021.
14. Уголовно-процессуальное законодательство Чешской республики: учеб.-метод. пос. / сост. Л.В. Майорова. – Красноярск, 1999. – 107 с.

- 
15. Бельгияның қылмыстық процессуалдық кодексі. [https://ru.frwiki.wiki/wiki/Code\\_d%27instruction\\_criminelle\\_\(Belgique\)](https://ru.frwiki.wiki/wiki/Code_d%27instruction_criminelle_(Belgique)) 13.11.2022
16. Францияның Қылмыстық іс жүргізу кодексі: 2021 жылдың 18 науырзда қабылданған // <https://www.wipo.int/wipolex/ru/details>. 05.09.2021.
17. Калиновский К.Б. Уголовный процесс современных зарубежных государств: учеб. пос. – Петрозаводск. 2000. – 45 с.

#### *Автор туралы мәлімет*

**Сахарбай Арман** – Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Ғылыми-зерттеу орталығының бастығы, з.ғ.м., полиция подполковнигі.

**Сахарбай Арман** – начальник Научно-исследовательского центра Актыобинского юридического института МВД Республики Казахстан им. М. Букенбаева, м.ю.н., подполковник полиции.

**Sakharbay Arman** – head of the Scientific Research Center of the Aktobe Law Institute of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after M. Bukenbaev, m.y.n., Lieutenant Colonel of the police.

Смагулова Ш.У.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Актюбинский юридический институт МВД Республики Казахстан имени М.Букенбаева,  
Актобе, Республика Казахстан

## ПРОБЛЕМА БЕЗОПАСНОСТИ НА ДОРОГАХ: ПРИЧИНЫ И ВОЗМОЖНЫЕ РЕШЕНИЯ

Статья посвящена проблемам обеспечения безопасности дорожного движения. В данной работе рассматриваются вопросы влияния психофизиологических особенностей водителей на возникновение дорожно-транспортных происшествий и затронуты вопросы повышения безопасности пешеходов, как участников дорожного движения. В статье исследуется взаимосвязь между дорожными условиями и безопасностью дорожного движения.

**Ключевые слова:** безопасность дорожного движения, дорожно-транспортные происшествия, автомобильная дорога, водитель, пешеход, светоотражающий элемент, состояние дороги, дорожные условия, интенсивность движения, содержание дороги, ландшафтное проектирование.

## ЖОЛДАРДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ: СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ШЕШУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Мақала жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне арналған. Бұл жұмыста жүргізушілердің психофизиологиялық ерекшеліктерінің жол-көлік оқиғаларының пайда болуына әсері қарастырылады және жол қозғалысына қатысушылар ретінде жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін арттыру мәселелері қозғалады. Мақалада жол жағдайлары мен жол қауіпсіздігі арасындағы байланыс қарастырылады.

**Түйін сөздер:** жол қауіпсіздігі, жол-көлік оқиғасы, автомобиль жолы, жүргізуші, жаяу жүргінші, шағылыстыратын элемент, жол жағдайы, жол жағдайлары, қозғалыс қарқындылығы, жолды күтіп ұстау, ландшафттық дизайн.

## THE PROBLEM OF ROAD SAFETY: CAUSES AND POSSIBLE SOLUTIONS

The article is devoted to the problems of ensuring road safety. In this paper, the issues of the influence of psychophysiological characteristics of drivers on the occurrence of road accidents are considered and the issues of improving the safety of pedestrians as road users are raised. The article explores the relationship between road conditions and road safety.

**Keywords:** traffic safety, traffic accident, highway, driver, pedestrian, reflective element, road condition, road conditions, traffic intensity, road maintenance, landscape design.

Проблема обеспечения безопасности дорожного движения имеет уже сравнительно длительную историю с момента зарождения и на всех этапах истории её развития. Аварии на дорогах были и будут оставаться одной из самых серьезных угроз для жизни человечества. Статистически было доказано, что количество смертей и травм в ре-

зультате дорожно-транспортных происшествий неуклонно увеличивается в течение последних лет.

Необходимо признать, что довольно продуманной системе плановых мероприятий по организации дорожного движения, строительству новых и реконструкции существующих автомобильных дорог в соответствии с современными требованиями, во

многих странах добились постоянного снижения не только относительного, но и абсолютного числа происшествий [1,2].

Однако, существует обратное положение - возрастание числа дорожно-транспортных происшествий.

Пора отдать себе отчёт в том, что мы имеем дело с проблемой национального масштаба, в решение которой должны активно включиться все слои общества. Есть много причин дорожно-транспортных происшествий и наиболее важным фактором на сегодняшний день, способствующим возникновению дорожно-транспортных происшествий, является безответственность водителей. Вождение автомобильного транспорта - это сложный процесс, к которому многие относятся недостаточно ответственно. Все, что может повлиять на способность принимать правильные и взвешенные решения, нивкоем случае не должно мешать вождению. Под ответственностью водителей подразумевается понимание ими того, что им не следует водить машину, если они чувствуют себя усталыми, больными или в плохом настроении.

Водители должны всегда соблюдать правила безопасности на дороге и, что важнее всего, придерживаться ограничений скоростного режима или придерживаться скорости, позволяющей владеть обстановкой и принимать правильные решения [3].

Отвлечение внимания водителя и невнимательность являются важными вопросами безопасности вождения. Так, а последнее время использование зотовых телефонов стало всё более распространённым. Сотовый телефон способен полностью отвлечь внимание водителя. Всевозможные рекламные материалы в поле зрения водителя также не способствуют концентрации внимания на процессе вождения.

Водители, однако, не единственные участники движения, кого можно обвинить в повышении аварийности. За последние три года на долю пешеходов приходилось не менее 45% дорожно-транспортных происшествий (в крупных городах доля наездов на пешеходов составляет более 73% от всех дорожно-транспортных происшествий). Вины в этом прежде всего низкая культура са-

мых пешеходов, которые зачастую пересекают проезжую часть вне зоны обозначенных пешеходных переходов. Также малозаметность пешеходов в тёмное время суток, где нет освещения. Пешеходы должны всегда ходить по пешеходным переходам и пересекать дороги с особой осторожностью, всегда предоставляя право проезда приближающимся автомобилям и убедившись в том, что их заметили и снизили скорость движения. Даже если водитель внимателен и осторожен, кто виноват, если аварии все ещё происходят? Водители не могут безопасно ездить в небезопасных условиях [4].

Еще одним фактором, способствующим повышению количества дорожно-транспортных происшествий, является состояние дорог и всей инфраструктуры страны. К решению этой проблемы должны подключиться и дорожные организации. В числе причин возникновения происшествий указывающая статистика из-за несовершенства методов расследования аварий на дорогах не уделяет должного внимания роли самих автомобильных дорог, их состояния в возникновении дорожно-транспортных происшествий. В разные годы неблагоприятным дорожным условиям приписывали от 10 до 20% происшествий [5]. Но эти цифры, статистически соизмеримые с вождением в нетрезвом состоянии и недисциплинированностью пешеходов, не вызывают должной реакции в деятельности проектных и эксплуатационных дорожных организаций. Связи с этим, *причины неблагоприятного влияния дорожных условий можно разделить на явные и скрытые*, провоцирующие возникновение происшествий в определённых условиях и напрямую не указывающие непосредственно на сами дорожные условия. Значительную роль играет также недостаточная развитость и плотность дорожной сети, особенно в сельских районах и невысокие темпы ведущегося дорожного строительства. Практически всегда это объясняют недостаточным финансированием, что зачастую недалеко от истины. Даже в наиболее населённых сельскохозяйственных районах с благоприятными климатическими и ландшафтными условиями сеть автомобильных дорог с твёрдым покрытием составляет небольшую протяжённость.

Кроме того, существует обширная сеть внутрихозяйственных сельских дорог, которую практически никто регулярно не содержит, и в периоды весенне-осенней распутицы большая её часть остаётся непроезжаемой для автомобилей, вследствие чего многие сельские населённые пункты остаются отрезанными от «большой земли» [6].

Ещё одна причина высокой аварийности – это перегрузка существующей дорожной сети движением, которая неуклонно возрастает. Наши дороги загружены движением, и многие из них работают за пределами установленной для них интенсивности движения. Всё чаще режим движения автомобилей характеризуется как стесненный с характерным для него формированием колонного движения с большим числом вынужденных, рискованных обгонов при ограниченном пространстве между автомобилями и, как следствие, повышенной аварийностью [7].

Положение осложняется неуклонным возрастанием в составе транспортного потока доли большегрузных автомобилей и автопоездов. При существующем состоянии автомобильных дорог это ведет к повышенному износу дорожных конструкций и большому объему ремонтно-восстановительных работ с привлечением больших материальных ресурсов, которые могли пойти на модернизацию существующей дорожной сети и строительство новых дорог, так как значительная протяжённость дорог была запроектирована и построена по устаревшим техническим условиям, уже не удовлетворяющим возросшим требованиям современного движения. Проведённые исследования психофизиологического восприятия водителями дорожных условий показали, что неожиданные для них изменения дорожных условий, вызванные ошибочными проектными решениями или неудовлетворительными условиями эксплуатации, способствуют принятию неверных решений при управлении транспортными средствами, приводящим к дорожно-транспортным происшествиям.

Таковыми «скрытыми» факторами могут быть и недостаточный уровень содержания автомобильных дорог, и недостаточное или

формальное использование средств организации и регулирования движения, и отсутствие в необходимом количестве и надлежащем качестве объектов дорожного сервиса, и недостаток, а то и полное отсутствие оперативной информации об постоянно изменяющихся дорожных условиях [8].

Необходима активизация деятельности дорожных служб в области повышения безопасности движения и важным вкладом дорожных организаций в безопасность движения должно явиться рациональное проектирование вновь строящихся и реконструкция дорог по новым, современным нормам.

Как показывают исследования, совершенно необоснованно при проектировании всё ещё широко применяют минимальные допустимые нормами величины элементов трассы дороги. Вызвано это всё тем же стремлением к минимизации расходов на проектирование и строительство автомобильных дорог. До сих пор недостаточно широко используются принципы архитектурно-ландшафтного проектирования и принципы эргономики автомобильных дорог - обеспечения взаимными сочетаниями элементов трассы и ее увязкой с окружающим ландшафтом, которые оптимизируют нервно-эмоциональную напряженность водителей и повышают уровень безопасности дорожного движения [9].

Нормативные документы лишь вскользь упоминают об улучшении трассы автомобильной дороги как об одном из видов ремонтов, не акцентируя его важного значения для повышения уровня безопасности движения, что принижает значимость этих работ, ставит их в зависимость от финансирования и зачастую не приводит к снижению аварийности. Помимо прочего, улучшение условий движения без одновременного совершенствования трассы дороги неизбежно ведёт к выбору ошибочного режима движения и как следствие к росту числа происшествий. На первый план здесь выходит необоснованное увеличение скорости движения. Для успеха борьбы за безопасность и организованность дорожного движения необходимо, активизировать научные исследования, которые должны более детально изучить роль самих автомобильных дорог, как



одной из основных причин возникновения дорожно-транспортных происшествий.

Не следует забывать о том, что дорога - это место работы водителей и глубокое изучение их психофизиологических особенностей и роли в выборе режимов движения, разработка норм оптимальной напряженности участников движения очень важны.

Кроме того, необходимо совершенствовать сами нормы на проектирование автомобильных дорог в соответствии с постоянно меняющимися условиями движения. Здесь необходимо учитывать весь комплекс местных условий. Необходимо более широко внедрять принципы архитектурно – ландшафтного проектирования. Процесс этот

долгий и трудный и на первом этапе необходимо повысить ответственность водителей за принимаемые решения. В этом могло бы помочь развитие и совершенствование систем видеофиксации нарушений и улучшение патрулирования дорог, особенно в ночное время для выявления и пресечения случаев вождения автомобилей в нетрезвом состоянии.

Всё это требует финансовых затрат, но при решении данного вопроса следует помнить о спасённых людских жизнях, об увеличении скорости движения, повышении эффективности автомобильного транспорта. И вклад дорожников в области повышения безопасности дорожного движения может явиться значительным в решении этой неотложной задачи.

### Список использованных источников

1. *A Policy on Geometric Design of Highways and Streets. AASHTO, 1990. 108p.*
2. *Marcasse Marc. AutoRoute du littoral nord de Marseille. -Metropolis, 1987, №80, pp 39-58.*
3. *Лобанов Е.М. Проектирование дорог и организация движения с учетом психофизиологии водителя. — М.: Транспорт, 1980. — 311 с.*
4. *Поздняков М.Н. Совершенствование методики оценки условий движения пешеходов // Инженерный вестник Дона, 2012 №4 (часть1) URL: [ivdon.ru/ru/magazine/archive/n4p1y2012/1122](http://ivdon.ru/ru/magazine/archive/n4p1y2012/1122).*
5. *Васильев А.П. Состояние дорог и безопасность движения автомобилей в сложных погодных условиях. — М.: Транспорт, 1976. — 224 с.*
6. *Бабков В.Ф. Дорожные условия и безопасность движения. — М.: Транспорт, 1993. — 271 с.*
7. *Девятков М., Кюхлер В., Девятков В., Витолин С. Основы теории транспортных потоков, организации и управления движением в России и Германии. Учебное пособие на русском и немецком языках; Волгогр. гос. архит.- стрит. ун-т. Изд. 2-е, перераб. и доп.-Волгоград: ВолгГАСУ, 2009. 428 с.*
8. *Ремонт и содержание автомобильных дорог. Справочник / Под ред. А.П. Васильева. — М.: Транспорт, 1989. — 287 с.*
9. *Сардаров А.С. Архитектура автомобильных дорог 2-е изд., перераб. и доп. — М.: Транспорт, 1993. -272 с.*

### Сведения об авторе

**Смагулова Шолпан Умыргалиевна** – старший научный сотрудник Научно-исследовательского центра Актюбинского юридического института МВД Республики Казахстан имени М.Букенбаева, м.ю.н., майор полиции;

**Смагулова Шолпан Өміргалиқызы** – Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, з.ғ.м., полиция майоры

**Smagulova Sholpan Umyrgaliyevna** – senior researcher at the Scientific Research Center of the Aktobe Law Institute of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan named after M.Bukenbayev, m.y.n., police major.

Умурзакова А.А.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты,  
Ақтөбе, Қазақстан Республикасы.

## ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫНЫҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Мақала жол-көлік оқиғаларының алдын алу шараларына арналған. Жол-көлік оқиғаларының әртүрлі факторларға тәуелділігі келтірілген. ЖКО алдын алу және ескерту жұмыстары сипатталған.

**Түйінді сөздер:** жол-көлік оқиғасы, алдын алу, көлік жүргізу, жаяу жүргінші, апат, жол қозғалысы ережелері, соқтығысу, аударылу, кедергіге соғылу, жаяу адамды басу, жолаушының құлауы, адами фактор, алаңдаушылық, шаршау, тәжірибесіздік, медициналық жағдайлар, көлік құралының ақаулығы, механикалық ақаулар, автомобиль дизайны.

## ПРИЧИНЫ И МЕРЫ ПРОФИЛАКТИКИ ДОРОЖНО-ТРАНСПОРТНЫХ ПРОИСШЕСТВИЙ

Статья посвящена мероприятиям по предупреждению дорожно-транспортных происшествий. Приведена зависимость дорожно-транспортных происшествий от различных факторов. Описаны работы по профилактике и предупреждению ДТП

**Ключевые слова:** дорожно-транспортное происшествие, профилактика, вождение, пешеход, авария, правила дорожного движения, столкновение, опрокидывание, столкновение с препятствием, подавление пешехода, падение пассажира, человеческий фактор, отвлечение, усталость, неопытность, медицинские состояния, неисправность транспортного средства, механические неисправности, конструкция автомобиля.

## CAUSES AND MEASURES FOR THE PREVENTION OF ROAD ACCIDENTS

The article is devoted to measures to prevent road accidents. The dependence of road accidents on various factors is given. The work on the prevention and prevention of accidents is described

**Keywords:** traffic accident, prevention, driving, pedestrian, accident, traffic rules, collision, rollover, collision with an obstacle, pedestrian suppression, passenger fall, human factor, distraction, fatigue, inexperience, medical conditions, vehicle malfunction, mechanical malfunction, car design.

Қазіргі уақытта жол-көлік оқиғаларының (ЖКО) алдын алу, жол қозғалысына қатысушыларға көмек көрсету және жәрдемдесу, сондай-ақ жолдарда жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің өрескел құқық бұзушылықтары мен қоғамға жат мінез-құлқының жолын кесу басымдығына ерекше назар аударылады. Алдын алу шараларының, жол қозғалысына адал қатысушыларға жәрдемдесудің және жүргізушілердің агрессивті бөлігіне қатаң санкциялардың сауатты үйлесуі қажет. Бұл тәсіл жиі жарияланады, бірақ

орындалмайды. Бұл жол қозғалысына қатысушылардың өте жағымсыз реакциясын тудырады. Күштер мен құралдарды орналастырудың алдында жол жағдайын егжей-тегжейлі талдау қажет: көше-жол желісінің ең проблемдық жерлері бойынша, тәулік уақыты бойынша, апта күндері, маусым бойынша.

Жол-көлік оқиғасының себептері әртүрлі болуы мүмкін. Оларды екі топқа бөлуге болады – объективті және субъективті. Объективті факторларға жол, климаттық жағдайлар сияқты технологиялық

факторлар жатады. Бірақ барлық дерлік статистика бүкіл әлемде жол көлік оқиғаларының 80-90% субъективті себептермен - адамның кінәсінен болатынын растайды.

Жол-көлік оқиғаларын бірнеше түрге бөлуге болады:

а) соқтығысу – жол кедергілерінің және т.б. себептердің әсерінен көлік құралының қозғалып бара жатқан немесе уақытша жол қиылысындағы «тоқта» сызығында тоқтап тұрған басқа көлік құралдарымен соқтығысуы;

б) аударылу – көлік құралы орнықтылығынан айырылып, аунап түсуі. Бұған көлік құралдарымен соқтығысудан болған аударылу жатпайды.

в) кедергіге соғылу – көлік құралының қозғалмайтын затқа (көпірдің тіреуі, бағана, өсіп тұрған ағаш, ғимараттар және т.б.) оның ішінде аялдамада тұрған көлік құралына соғылу жатады;

г) жаяу адамды басу – көлік құралының адамды басып немесе жүріп бара жатқан адамның қозғалып бара жатқан көлік құралына өзінің соғылуы;

д) жолаушының құлауы – көлік құралының ішінде немесе үстіндегі жүргізушіден басқа кез келген адамның қозғалып бара жатқан көлік құралынан құлап түсуі.

Жол-көлік оқиғаларын талдай келе, бұлардың ең көп мөлшері қалаларда, аудан орталықтарында және басқа да елді мекендерде, яғни жаяу адамдар көп жиналған және көлік құралдарының қарқындылығы жоғары жерлерде болатыны белгілі.

Жол-көлік оқиғалары жыл сайын миллиондаған адамдардың өмірін қиып, мүгедектікке әкеп соқтыратын бүкіл әлемдегі жұртшылықтың басты проблемасы болып табылады. Жол-көлік оқиғалары себептерін түсіну олардың алдын алудың тиімді стратегияларын әзірлеу үшін өте маңызды. Бұл мақалада ауқымды талдау негізінде Жол-көлік оқиғалары себептері туралы шолу берілген:

#### 1. Адами факторы:

- Мас күйінде көлік жүргізу: алкогольді немесе есірткіні қолданған

адамның реакция уақытын айтарлықтай бәсеңдетеді, үйлестіруді және шешім қабылдауды төмендетеді, бұл апат қаупінің жоғарылауына әкеледі;

- Алаңдаушылық: ұялы телефондарды пайдалану, мәтіндік хабарламалар жіберу, тамақтану немесе көлік жүргізу кезінде ұйықтау жүргізушінің назарын жолдан алшақтатады және соқтығысу қаупін арттырады;

- Шаршау: шаршау реакцияның баяулауына, зейіннің нашарлауына және апат қаупінің жоғарылауына әкеледі;

- Тәжірибесіздік: жас және тәжірибесіз жүргізушілер көлік жүргізу дағдыларының болмауына және қауіпті шешімдер қабылдауға байланысты апатқа ұшырайды;

- Медициналық жағдайлар: эпилепсия, қант диабеті немесе жүрек проблемалары сияқты кейбір медициналық жағдайлар адамның көлік жүргізу қабілетіне әсер етуі мүмкін.

#### 2. Көлікке қатысты факторлар:

- Көлік құралының дұрыс жұмыс істемеуі: тежегіш ақаулары, ақаулы шиналар немесе жарық ақаулары сияқты механикалық ақаулар апаттарға әкелуі мүмкін;

- Көлік құрлымы: көліктің өлшемі, салмағы және аэродинамикасы соқтығысу кезінде оның өңделуіне және қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін;

- Қауіпсіздік технологиялары: қауіпсіздік жастықтары, құлыпқа қарсы тежегіштер және электронды тұрақтылықты бақылау жүйелері сияқты қауіпсіздік мүмкіндіктерінің болуы апаттың ауырлығын төмендетуі мүмкін.

#### 3. Қоршаған орта факторлары

- Жол жағдайлары: шұңқырлар, тайғақ жол немесе нашар көріну сияқты нашар жол жағдайлары көлік жүргізуді қиындатып, апат қаупін арттыруы мүмкін.

- Ауа-райы: қатты жаңбыр, қар, тұман немесе қатты жел көрінуді нашарлатып, шиналардың тартылуы азайуына, бұл апат қаупінің жоғарылауына әкеледі.

- Жарықтандыру: нашар жарықтандыру көлік жүргізуді қиындатады және соқтығысу қаупін арттырады, әсіресе түнде.

#### 4. Инфрақұрылымдық факторлар

- Жол құрылысы: тар жолақтары, қатты бұрылыстары немесе жарығы жоқ нашар жобаланған жолдар апат қаупін арттыруы мүмкін;

- Жол белгілері мен сигналдары: жол белгілері мен сигналдарының нашар көрінуі жүргізушінің қателіктері мен соқтығысуына әкелуі мүмкін;

- Жаяу жүргіншілер өткелдері: нашар жобаланған жаяу жүргіншілер өткелдері немесе жаяу жүргіншілер жолдарының болмауы жаяу жүргіншілердің қатысуымен болатын апаттар қаупін арттыруы мүмкін.

#### 5. Жүйелік факторлары

- Жүргізу мәдениеті: жолдағы жүргізушілердің көзқарасы мен мінез-құлқы апаттың жиілігіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін;

- Жол қауіпсіздігі саясаты: жылдамдықты шектеу, қауіпсіздік белдіктері апат қаупін азайтуы мүмкін;

- Жол қозғалысы инженериясы: айналма жолдар, жолдарды қайта құру және жол жиектерін кеңейту сияқты жолдарды жобалау шаралары апаттың ықтималдығы мен ауырлығын төмендетуі мүмкін.

#### 6. ЖКО-ның көп факторлы сипаты

Айта кету керек, жазатайым оқиғалар, әдетте, белгілі бір себепке емес, бірнеше факторлардың күрделі өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылады. Мысалы, нашар жарықтандырылған жолда қолайсыз ауа-райында мас күйінде көлік жүргізетін жүргізуші алкоголь пайдаланбай және жақсы жағдайда жұмыс істейтін көлікті басқарушыға қарағанда апатқа ұшырау қаупі әлдеқайда жоғары.

ЖКО себептерін түсіну олардың алдын алудың тиімді стратегияларын әзірлеу үшін өте маңызды. Апаттардың пайда болуында адам факторы, көлікке қатысты факторлар, қоршаған орта факторлары, Инфрақұрылым факторлары және жүйелік факторлар маңызды рөл атқарады. Жүргізушілерге білім беру бойынша шараларды, автомобиль технологияларын жетілдіруді, жол жағдайларын жақсартуды және құқық қолдануды күшейтуді қамтитын кешенді тәсілді қабылдау ЖКО жиілігі мен

ауырлығын төмендету үшін маңызды мәнге ие.

#### ЖКО алдын алу шаралары

Қазақстанда ЖКО алдын алу үшін шаралар кешені қабылдануда, оның ішінде:

1. Жүргізушілердің құқықтық санасын арттыру: жол қозғалысы Ережелері және оларды бұзудың салдары туралы хабардарлықты арттыруға бағытталған білім беру науқандарын жүргізу; жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін жазаны қатаңдату;

2. Жол инфрақұрылымын жақсарту: қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, жолдарды салу және реконструкциялау; бағдаршамдарды, жол белгілерін және таңбаларды орнату; жолдардағы жарықтандыруды жақсарту

3. Жол қозғалысы ережелерінің сақталуын бақылауды күшейту: жолдарда жол полициясы қызметкерлерінің санын көбейту; бейнебақылау камералары мен фоторадарларды орнату; рейдтер мен алдын алу іс-шараларын жүргізу

4. Көлік құралдарының сапасын жақсарту: көлік құралдарына техникалық бақылауды қатаңдату; қауіпсіздік жүйелері бар автомобильдерді пайдалануды ынталандыру

5. Шұғыл көмек жүйесін дамыту: жедел жәрдем бригадаларының санын көбейту; ЖКО орнына бригадалардың келу уақытын қысқарту; ЖКО зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету бойынша шұғыл қызмет персоналын оқыту.

6. Мас күйінде көлік жүргізудің алдын алу: алкогольдік немесе есірткілік мас күйінде көлік құралын басқарғаны үшін жазаны қатаңдату; жүргізушілердің мас күйіне тексеру жүргізу; көліктің баламалы түрлерін танымал ету

7. Заманауи технологияларды қолдану: жол қозғалысын бақылауға және басқаруға мүмкіндік беретін Интеллектуалды көлік жүйелерін әзірлеу және енгізу; жүргізушілерді жол қозғалысы жағдайы мен кептелістер туралы хабардар ететін мобильді қосымшаларды пайдалану

8. Қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық: ЖКО алдын алуға қоғамдық ұйымдарды тарту; жол полициясы

қызметкерлеріне көмектесетін қоғамдық патрульдер құру.

Қазақстанда ЖКО алдын алу кешенді тәсілді талап ететін күрделі және көп қырлы міндет болып табылады. Аталған шараларды іске асыру жолдардағы ЖКО, жарақаттану және өлім-жітім санын азайтуға мүмкіндік береді, бұл оларды жол қозғалысының барлық қатысушылары үшін қауіпсіз етеді.

Әлемдік тәжірибе ЖКО алдын алу және олардың салдарының ауырлығын төмендету бойынша бірқатар тиімді шараларды әзірледі:

1. Фронтальды және бүйірлік соқтығысулар, соның ішінде қиылыстарда. Шешім: қозғалысты кәріздеу, бөлу жолағы бойынша тосқауыл жол қоршауын орнату және басып озу үшін қосымша жолақты

жайластыру, көліктік және жеңіл қозғалысты бөлу, X тәрізді қиылыстарды айналмалы қозғалыспен айырбастауға қайта жабдықтау.

2. Жол инфрақұрылымы объектілеріне соққылар. Шешім: соққыға қарсы құрылғылар.

3. Жол қозғалысына қатысушылардың нашар көрінуі. Шешім: күндізгі уақытта фаралардың төмен сәулесін пайдалану.

4. Жол-көлік оқиғасы салдарынан жеңіл автомобильдердің жүргізушілері мен жолаушыларының осалдығы. Шешім: жүргізушілер мен жолаушыларға арналған қауіпсіздік белдіктерін пайдалану, белдіктер мен қауіпсіздік жастықтарын біріктіру, балалар креслолары.

### **Пайдаланылған дереккөздер тізімі:**

1. «Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығы (18.09.2023 ж. өзгерістер мен толықтырулармен).

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің құқықтық статистика Интернет-порталы

